

ACTION RESEARCH ӘДІСІНІҢ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУ ЖАҒДАЙЫНА ШОЛУ

Суюншалиева Шынар Марсовна

7M01501 – «Информатика және білім беруді ақпараттандыру»

білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты

Ғылыми жетекші – **Мухамбетова М.Ж.**

PhD, қауымдастырылған профессор

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Бұл мақалада Action Research (AR) зерттеу тәсілінің маңызы, зерттеу тәсілінің өзіндік ерекшеліктері, зерттеуді жүргізу кезеңдері жайында айтылады.

Өзектілігі. Action Research тәсілі дүниежүзілік педагогикалық зерттеу тәсілдерінің бірі болып саналады.

Мақсаты. Action Research зерттеу тәсілі ментаныстырып, оның құрылымы мен ерекшеліктері және осы әдістер жайында жазылған ғалымдар еңбектерін зерттеу.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушыларға тек теориялық білім берумен шектелмей, олардың функционалдық сауаттылығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру, үлгерімін жақсарту маңызды. Мақалада оқушылардың үлгерімін арттырып, оқу дағдысын қалыптастыру мәселелеріне арналған. Әсіресе, үлгерімі төмен оқушылардың оқу дағдыларын дамыту маңызды, себебі олардың білім алу барысында кездесетін қиындықтар болашақтағы кәсіби жетістіктеріне әсер етеді. Шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне, әдеби дереккөздерді талдау нәтижесінде үлгерімі төмен оқушылардың оқу дағдыларын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттерді зерттеулер олардың академиялық жетістіктерін арттырып қана қоймай, өзін-өзі бағалау деңгейін көтеруге, оқу мотивациясын күшейтуге және дербес білім алу қабілетін дамытуға көмектеседі. Іс-әрекеттегі зерттеу - Action research - оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру мақсатында бірізді, тізбектелген, жоспарланған іс-әрекеттерді орындауды, сондай-ақ зерттеу барысында алынған нәтижелерге жүйелі түрде мониторинг жүргізуді көздейтін үдеріс.

Негізгі сөздер: Іс-әрекет, рефлексия, зерттеулер, action research, қадамдарды жоспарлау.

Кіріспе

Білім беру саласында Action Research (әрекеттегі зерттеу) әдісін қолдану тәжірибесі қарастырылады. Әдістің мәні, оны қолданудың негізгі кезеңдері және практикалық мысалдары талқыланады. Сонымен қатар, Action Research әдісін қолдану арқылы оқыту үдерісін жетілдіру жолдары ұсынылады.

Бұл мәселелерді шешудің тиімді жолдарының бірі – Action Research (әрекеттегі зерттеу) әдісін қолдану. Оқушылардың оқуын жақсарту үшін зерттейтін үдеріс. Action Research әдісі – мұғалімдер мен зерттеушілердің нақты оқу процесінде кездесетін мәселелерді анықтап, оларды шешу жолдарын табу үшін қолданатын тәсілдерінің бірі. Бұл әдіс үздіксіз рефлексия мен тәжірибені жетілдіруге негізделеді. Бұл мақалада Action Research әдісін қолдану арқылы үлгерімі төмен оқушылардың оқу дағдыларын қалай жақсартуға болатыны қарастырылады. Сонымен қатар, информатика пәнінде осы әдісті тиімді пайдалану жолдары қарастырылып, нақты мысалдар келтіріледі.

Зерттеудің негізгі мақсаты – Action Research әдісінің көмегімен оқушылардың оқу үлгерімін арттыру, олардың пәнге деген қызығушылығын ояту және жеке оқу стратегияларын қалыптастыру. Іс-әрекеттегі рефлексия-алдыңғы қадамдарды жоспарлау және орындау

мақсатында іс-әрекет жасау (мысалы, оқыту мен оқу), іс-әрекет нәтижелерін сыни талдау және бағалау барысындағы мұқият ойлану үдерісі.

Зерттеу әдістері және әдіснамалары

Action Research зерттеуі дегеніміз не? Оның мұғалімдер үшін қандай пайдасы бар? Басқа зерттеу жұмыстарынан айырмашылығы қандай? мақалада осы сұрақтар төңірегінде болады.

Ғылым саласында «Action Research» деген санатты енгізу Курт Левиннің (1946) атымен байланыстырылады және бұл терминді пайдалана отырып, еңбек шығарған бірінші адам болса да, ол бұл идеямен ертеректе 1913 жылы Вена қаласында басылып шыққан жұмыс арқыл Германияда танысты деген болжам бар. (Altichier H & Gstetner P 1992)[1]

Зерттеу жұмысы мұғалімдерге күнделікті оқуүрдісінде кезесіп жүрген проблеманы анықтап, оны шешу бағытында бірнеше әрекет жасауға мүмкіндік берді.

Бұл жоба практика мен теорияны ұштастыратын бағыттар.

- яғни, сыныптағы сабақ үрдісі бойынша проблеманы анықтап, тақырыптандалған кейін іс әрекет жоспарлау, әрекет, бақылау кезеңдерімен кездесіп жүзеге асады.

John Elliott [2] Action Research-ті білім беру саласында дамытқан ғалым.

- Ол мұғалімдердің кәсіби тәжірибесін жақсарту үшін зерттеудің бұл түрін қолдануды ұсынды. Оның еңбектері оқыту әдістерін жетілдіруге бағытталған.

Stephen Kemmis & Robin McTaggart [3]

“The Action Research Planner” атты кітабы арқылы Action Research әдісін дамытты.

- Олар тәжірибелік зерттеулерді жүргізу процесін кезеңдерге бөлді: жоспарлау, әрекет ету, бақылау және рефлексия.

- Олардың үлгісі қазіргі заманғы педагогикалық зерттеулерде кеңінен қолданылады.

. Jean McNiff [4] Action Research әдісін мұғалімдердің тәжірибесін дамыту үшін белсенді насихаттаған ғалым.

- Оның еңбектері бұл әдістің теориясын түсіндірумен қатар, практикалық қолдану жолдарын ұсынады.

Donald Schön (1930–1997) [5] “The Reflective Practitioner” атты еңбегі арқылы рефлексиялық тәжірибені зерттеді.

- Ол тәжірибе мен зерттеуді біріктіру арқылы кәсіби дамуды жақсартуға болатынын дәлелдеді.

. Paulo Freire (1921–1997) [7]

Action Research әдісін білім беру мен әлеуметтік әділеттілік мәселелеріне қолданды.

- Оның еңбектері “саналы әрекет” пен “диалогтық педагогика” идеяларына негізделген.

Сондай ақ, Stephen Kemmis & Robin McTaggart – Action Research моделін дамыту еңбегінде негізгі зерттеуі Action Research әдісінің циклдік моделін жасап, оны білім беру жүйесінде қолданды.[8]

Қазақстандық ғалымдар мен педагогтер бұл әдістің маңыздылығын түсініп, оны білім беру жүйесіне енгізу бойынша түрлі зерттеулер жүргізуде. Мысалы, Қостанай қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі Гайни Малдыбаевна Ельжанова өзінің еңбегінде Action Research тәсілінің ерекшеліктері мен оны жүргізу кезеңдерін талқылайды. Ол бұл әдістің мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырудағы рөлін атап көрсетеді

“Action Research мұғалімдердің кәсіби тәжірибесін жетілдіру және зерттеу формасы ретінде”. Бұл мақалада мұғалімдердің зерттеушілік белсенділігін арттыру мақсатында Action Research әдісін енгізу мәселелері қарастырылады. Авторлар: А.Е. Берикханова, Б.О. Сапарғалиева. [9]

“Conceptualising the Integration of Action Research into the Practice of Teacher Education Universities in Kazakhstan”. Бұл мақалада Қазақстандағы педагогикалық жоғары оқу орындарының


тәжірибесіне Action Research әдісін енгізудің тұжырымдамалық мәселелері талқыланады. Авторлар: А. Сарсенбаева, Д. Мухамеджанова, Г. Кучумова, М. Жақсыбай. [10]

Методические аспекты интегрирования Action Research в профессиональную практику преподавателей вуза в условиях цифровизации высшего образования”. Бұл мақалада жоғары оқу орындары оқытушыларының зерттеушілік белсенділігін арттыру үшін Action Research әдісін кәсіби тәжірибеге енгізудің әдістемелік аспектілері қарастырылады. Авторлар: А.Е. Берикханова, А.Е. Берикханова, Ж.К. Ибраимова, А.Н. Байжуманов. [11]

Сонымен қатар, Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындарында Action Research әдісін оқу бағдарламасына енгізу жұмыстары жүргізілуде. Мысалы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Іс-әрекеттегі зерттеу» (Lesson Study) және «Білім берудегі деректерді зерттеу және талдау әдістері» (Action Research) пәндері енгізіліп, болашақ мұғалімдердің кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл пәндер студенттердің зерттеушілік қабілеттерін қалыптастырып, оларды оқу процесінде қолдануға үйретеді

З.С. Еслямғалиева зерттеуінде Action Research әдісінің педагогтың кәсіби дамуындағы рөлін талдап, әдістің негізгі принциптері мен оны білім беру тәжірибесіне енгізудің ерекшеліктері сипаттады. .

Зерттеу нәтижесінде мынадай бағыттарды атап көрсетті:



Сурет 1

Қазақстанда НЗМ «Педагогикалық шеберлік орталығының» Сагинов К.М., Ермагамбетова Г.Н., Атейбек С.Т. сынды зерттеушілердің еңбектерінде өз тәжірибелерін зерттеу маңыздылығы ашып көрсетілген. Аталған авторлардың негізгі мақсаты мұғалімдердің өзтәжірибелерін зерттеулері олардың кәсіби жетілулерінің басты тетігі екенін негіздеу. Пауло Фрейре (Paulo Freire): Ол “қатысушы әрекеттік зерттеу” (participatory action research) әдісін дамытты, бұл әдіс білім алушылардың білім беру процесіне белсенді қатысуын және олардың тәжірибесін ескеруді көздейді. Бұл зерттеулер Action Research әдісінің тиімділігін дәлелдеп, оны ғылыми және практикалық тұрғыдан дамытуға үлес қосты. Ғалымдардың зерттеуінен кейін әрекеттегі зерттеудің мынадай түрлерін атап өтуге болады:

- Диагностикалық зерттеу-Мәселені анықтап, оның себептерін анықтау
- Эксперименттік зерттеу-Белгілі бір стратегияны қолданып, оның нәтижелерін бағалау

- Қатысушы зерттеу-Зерттеуші мен қатысушының белсенді жұмыс істеуі
- Үздіксіз жетілдіру зерттеуі-белгілі бір процесті ұзақ мерзімді жетілдіру.

Зерттеу нәтижелерімен талқылау

Мақалаға арқау болып отырған Action Research әдісі зерттеулер нәтижесін талдай келе: білім беру үдерісін жетілдірудің тиімді тәсілі. Бұл әдісті жүйелі қолдану мұғалімдерге оқыту процесін үздіксіз жетілдіруге, оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделуге және олардың оқу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың критикалық ойлау, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін бұл әдіс сабақ барысында белсенді қолдануға ұсынылады. Зерттеу әдістерінің түрлі бағыттарын ұсынуға болады.

Жобалық оқыту-оқушылар өз бетімен зерттеу жүргізіп, жобалар әзірлейді.

Топтық жұмыс-Оқушылар командада жұмыс істеп, пікір аласады.

Дебаттар мен пікірталастар-коммуникативтік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Ойын технологиялары-креативтілік пен шығармашылық ойлауды ынталандыру.
Өзін-өзі бағалау-оқушылар өз жетістіктерін саратпайды.
Оқушылардың оқу үлгерімін арттырады.
Мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал етеді.

Action Research әдісінің негізгі артықшылықтары:

Сурет 2

Оқыту әдістерін үнемі жетілдіруге көмектеседі.

Оқу процесін икемді және оқушы қажеттілігіне бейімделген етеді

Action Research әдісі Қазақстанның білім беру жүйесінде оқыту сапасын арттырудың тиімді құралы болып табылады. Ол мұғалімдерге өз тәжірибесін жетілдіруге, оқушылардың қажеттіліктеріне жауап беруге және оқыту үдерісін үздіксіз дамытуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Осылайша Action Research әдісі білім беру жүйесін үздіксіз жетілдіруге бағытталған маңызды құрал болып табылады. Ғалымдарын еңбектеріне шолу жасай келе біз өз зерттеуімізде Action Research әдісін информатика пәнінде 5сыныпұлгерімі төмен

оқушыларларға тәжірибе арқылы қолдануды көздейміз.

Оның ішінде мынадай міндеттер орындалады:

1. Action Research әдісінің маңыздылығы және орта мектепте қолданылу жағдайын анықтау.
2. Информатика пәні бойынша үлгерімі төмен оқушылардың Action Research әдісі негізінде оқу дағдыларын дамыту моделін құру және жүзеге асыру
3. Педагогикалық эксперимент нәтижелерін талдау

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. Kemmis, S., & McTaggart, R. (2005). Action Research: Communicative Action and the Public Sphere.
2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. (2023). Білім беруді дамыту бағдарламасы.
3. Жетпісбаева, Р. (2022). Қазақстан мектептерінде Action Research әдісін қолдану тәжірибесі.
4. Lewin, K. (1946). Action Research and Minority Problems. Journal of Social Issues, 2(4), 34-46.
5. McNiff, J., & Whitehead, J. (2006). All You Need to Know About Action Research. SAGE Publications.
6. Kemmis, S., & McTaggart, R. (1988). The Action Research Planner. Deakin University Press.
7. Громько, Ю. В. (2001). Методы и технологии активного социального проектирования. М.: Изд-во Института психологии РАН.
8. Лазарев, В. С. (2006). Развитие образовательных систем: проблемы управления. М.: Педагогическое общество России.
9. Колесникова, И. А. (2012). Методология педагогического исследования. СПб.: Питер
10. Берикханова, А.Е. (2023). ЖОО оқытушыларының зерттеу белсенділігін арттыру үшін Action Research өткізуді психологиялық-педагогикалық фасилитациялау. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.
11. Еслямғалиева, З.С. (2021). Action Research әдісінің педагогтың кәсіби дамуындағы рөлі. – Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті.

12. Ибраимова, Ж.К. (2022). Action Research негізінде ЖОО оқытушыларының зерттеу белсенділігін дамыту теориясы мен технологиясы. – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі.

13. Құдайбергенова, К. (2019). Қазіргі білім беру жүйесінде инновациялық әдістерді қолдану мәселелері. – Қазақ ұлттық университетінің ғылыми еңбектері.